

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 тамыздағы N 840 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 907 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2016 № 907 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 11 қыркүйектегі N 1376 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 40, 455-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2-тармақта 2) тармақша алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

4-тармақтың он бірінші абзацында "қатынастар бойынша" деген сөздерден кейін "заң жобаларының тұжырымдамаларын және" деген сөздермен толықтырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 тамыздағы
N 840 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру ережесі

1. Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарында заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы N 1300

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне (бұдан әрі - Үкіметтің Регламенті) сәйкес заң жобаларын әзірлеуші уәкілетті органдарда (бұдан әрі - Уәкілетті органдар) заң жобалау жұмыстарын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

2. Уәкілетті органдардың заң жобалау қызметін жүзеге асыруы мынадай кезеңдерді қамтиды:

қабылдануы Бюджет кодексінде көзделген заң жобаларын қоспағанда, заң жобаларының тұжырымдамаларын әзірлеу;

Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы N 598 қаулысымен бекітілген Ғылыми сараптама жүргізу ережесіне сәйкес заң жобаларының тұжырымдамаларына ғылыми сараптама жүргізу;

реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асыруды көздейтін заң жобалары тұжырымдамаларының реттеушілік әсеріне талдау жүргізу. Заң жобаларының тұжырымдалары Комиссия қарауына шығарылғанға дейін реттеушілік әсерді талдаудан өтеді;

заң жобаларының тұжырымдамаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияда (бұдан әрі - Комиссия) қарау;

жұмыс тобын құру. Жұмыс тобының құрамына міндетті түрде "Қазақстан Республикасының Заңнама институты" мемлекеттік мекемесінің, белгілі бір құқық саласындағы тиісті ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері енгізіледі, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттарын және ғылымның тиісті салаларының ғалымдарын тарту ұсынылады;

заңнамалық кесімдердің жобаларын даярлау;

заңнамалық кесімдер жобаларына ғылыми сараптама жүргізу;

Үкіметтің Регламентіне сәйкес мемлекеттік органдармен заң жобаларын келісу;

реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асыруды көздейтін заң жобаларының реттеушілік әсеріне талдау жүргізу;

заңнамалық актілердің жобаларын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Интернет желісінде талқылау және оларды пысықтау кезінде қоғамдық пікірді ескеру;

заңнамалық кесімдер жобаларын жетілдіргенде тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда қосымша ғылыми сараптама жүргізу;

заң жобаларын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;

заң жобаларын Қазақстан Республикасы Парламентінің палаталарында қарау кезінде оларды ұйымдастырушылық және ақпараттық қамтамасыз ету.

Жоғарыда көрсетілген кезеңдердің әрқайсысында заң жобалау қызметін жүзеге асыру уәкілетті органның заң қызметінің басшысымен келісілуі тиіс.

Заң сараптамасын жүргізу үшін келісуге жіберген кезде заң жобасының әр парағына уәкілетті органның заң қызметінің басшысы қол қояды.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15 N 172, 2007.03.20 N 217, 2009.12.25 N 2206, 2010.06.23 N 632, 2011.09.16 N 1067, 29.05.2013 № 541; 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

3. Уәкілетті органдар заң жобаларын Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының ағымдағы жоспарын орындау үшін Президенттің тапсырмалары мен жыл сайынғы жолдауларын, Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары мен жыл сайынғы жолдауларын, мемлекеттік бағдарламалар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламаларды, Үкіметтің шешімдерін, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің шешімдерін, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелерін, сондай-ақ қабылдануы Бюджет кодексінде көзделген заңдарды ескере отырып әзірлейді.

Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезеңінде уәкілетті органдар заң жобаларын әзірлеуге арналған бюджеттік өтінімді ұсынумен бір уақытта оларды әзірлеудің орындылығы тұрғысынан Комиссияның қорытындысын ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.09.16 N 1067, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 541; 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

4. Заңнамалық кесімнің жобасы Комиссия мақұлдаған оның тұжырымдамасына қатаң сәйкестікпен әзірленуі тиіс.

5. Комиссия:

1) қолданыстағы заңнамада реттеліп қойған құқықтық қатынастарды регламенттеуді көздейтін;

2) құқықтың негіз қалаушы қағидаттарына қайшы келетін;

3) реттеу мәні Қазақстан Республикасының Конституциясы 61-бабының 3-тармағында көрсетілген қоғамдық қатынастарға сәйкес келмейтін заң жобаларының тұжырымдамаларын мақұлдамайды.

6. Заң жобаларының барлық тұжырымдамалары бойынша Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі оларды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне енгізген кезден бастап 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген талаптарға тұжырымдаманың сәйкестігін көрсететін алдын ала қорытынды дайындайды. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қорытындысын Комиссия заң жобасының тұжырымдамасымен және заң жобасы тұжырымдамасының ғылыми құқықтық сараптамасының қорытындысымен бірге қарайды.

Егер заң жобаларының тұжырымдамасында реттегіш құралды және онымен байланысты талаптарды енгізуді немесе жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды жүзеге асыру көзделетін жағдайда, онда заң жобасының тұжырымдамасына Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімі және кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның қорытындысы міндетті түрде қоса беріледі. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қорытындысын Комиссия заң жобасының тұжырымдамасымен, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның қорытындысымен және Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның хаттамалық шешімімен бірге қарайды.

Бұл ретте Әділет министрлігінің қорытындысында заң жобасы тұжырымдамасының осы Ережесінің 8, 9-тармақтарының талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер көрсетіледі. Заң жобасының тұжырымдамасы көрсетілген тармақтардың талаптарына сәйкес келмеген кезде әзірлеуші оның пысықталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 541; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2015 № 288 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

7. Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеуді уәкілетті орган қажет болған кезде заң жобалау қызметі саласындағы ғылыми-зерттеу ұйымдарын, ғалымдарды, білімнің әртүрлі салаларындағы мамандарды тарта отырып жүзеге асырады. Жаңа редакциядағы заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеген кезде заң жобасының тұжырымдамасымен бірге оның алдын ала мәтінін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қарауына енгізу қажет.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

8. Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу кезінде әзірлеуші:

құқықтық реттеудің тиісті саласында қолданылып жүрген заңнаманы талдауы, қазіргі құқықтық тетіктердің (олар болған жағдайда) тиімділігінің жеткіліксіз болуы себептерін анықтауы, заңнамадағы олқылықтарды, қайшылықтарды, ескірген нормаларды не ұқсас құқықтық қатынастарды реттейтін көптеген актілердің болуын, қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолданбау себептерін анықтауы;

экономикалық, социологиялық, статистикалық және өзге де қажетті ақпаратты зерделеуі, қорытуы және талдауы, нормативтік құқықтық актінің қабылдаудың болжамды әлеуметтік, қаржы-экономикалық, экологиялық, құқықтық, криминологиялық және өзге де салдарына, актінің қабылдауға байланысты белгілі бір саладағы қоғамдық қатынастардың ықтимал үрдістері мен даму нұсқаларына зерттеу жүргізуі;

қажетті қаржы-экономикалық есептемелер жүргізуі;

шетелдік тәжірибені зерделеуі, салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізуі қажет.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.06.04. N 822 Қаулысымен.

9. Заң жобасының тұжырымдамасы осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша жазылуға тиіс.

Заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеу Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің жыл сайынғы жолдауының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларының ережелері, мемлекеттік бағдарламалар мен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін бағдарламалар, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары, Үкіметтің шешімдерін, нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингі нәтижелері, қоғамдық өмірдің тиісті салаларында және аясында Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану практикасы, қолданыстағы заңнаманың проблемалары бойынша өткізілетін ғылыми-практикалық конференциялардың, семинарлардың, кеңестердің материалдары, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес ұйымдар ұсынатын материалдар, бұқаралық ақпарат құралдарында қамтылған ақпарат ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Заңды қабылдау қажеттілігі туралы куәландыратын дәлелдерді баяндау нақты, келеңсіз құбылыстар мен процестердің қолданыстағы заңнамамен жеткілікті жасалмаған байланысын тиянақты түрде орнататын болуы тиіс. Дәлелдемелер ретінде орын алған жағдайдың қысқаша мән-жайын, заң нормаларын қолданудың дұрыстығы, қорытындылар мен ұсыныстар туралы пікірді көрсете отырып, практикадан мысал келтіру қажет.

Әлеуметтік салдарларды болжау кезінде актіні қабылдаудың жалпы қоғамның, сондай-ақ оның жекелеген әлеуметтік топтарының дамуына әсер етуіне, білім беру және халықты жұмыспен қамту деңгейіне, қоғамның әлеуметтік құрылымына, денсаулық сақтау қызметінің қол жетімділігіне, тұрғын үй жағдайын жақсартуға, азаматтық қоғам институттарын дамытуға ықпалына және басқа да салдарларға талдау жүргізіледі.

Қаржы-экономикалық салдарларды болжау кезінде актіні қабылдауға байланысты:

республикалық және жергілікті бюджеттен тікелей және жанама шығыстар;

құқық қолданушылар мен актінің нормаларын іске асырудың өзге де субъектілерінің шығыстары;

республикалық және жергілікті бюджеттің кірістері, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың кірістері;

өзге де шығыстар мен кірістер, сондай-ақ өзге де экономикалық әсер (бәсекенің дамуына ықпалы; кредиттік ресурстардың қол жетімділігі, жаңа жұмыс орындарын ашу және басқа да салдарлар) бағаланады.

Экологиялық салдарларды болжау кезінде актіні қабылдау нәтижесінде қоршаған ортаға ықпал ететін әсердің бағыты, сипаты және деңгейі бағаланады.

Құқықтық салдарларды болжау шеңберінде келешектегі актінің қаралып отырған саладағы құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің қолданыстағы тетігіне ықпалы, атап айтқанда: заңнамадағы олқылықтар мен қарама-қайшылықтардың, тиімсіз және декларативті нормалардың болуы, құқықтар мен міндеттерді іске асыру тетігінің жоқтығы бағаланады.

Криминологиялық салдарларды болжау кезінде заң жобасының тұжырымдамасына оның қоғам, мемлекет қажеттілігіне және қылмысқа қарсы күрес саласындағы мемлекеттік саясатқа сәйкестігі мәніне ондағы құқық бұзушылықтар жасауға тікелей немесе жанама ықпал ететін, көзделген жауапкершілік шараларынан заңды негіздерде бас тарту мүмкіндігін туғызатын ережелерді (олқылықтар, өзге де кемшіліктер) анықтау, сондай-ақ осындай актіні қабылдау нәтижесінде криминогенді не криминогендікке қарсы сипаттағы өзге де салдарларды анықтау арқылы талдау жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджеттен болжанып отырған қаржылық шығындар туралы ақпаратқа тиісті қаржылық есептемелер қоса берілуі тиіс.

Салдарларды болжау кезінде болашақ актінің мемлекеттік органның стратегиялық жоспарының мақсатты индикаторларына, көрсеткіштеріне, тәуекелдеріне әсері бағаланады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.06.04 N 822 Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.16 N 1067 Қаулысымен.

10. Заң жобасын әзірлеуші уәкілетті орган жобаны дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды жұмыс тобының функцияларын орындайтын өзінің бөлімшелерінің біріне тапсырады. Жобаны дайындауда жобаны дайындайтын органның заң бөлімшесі қызметкерлерінің қатысуы міндетті.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген сатыда қатысуға құқылы.

Жұмыс тобының жұмысына қатысу үшін әр түрлі білім салаларының, ғылыми мекемелердің мамандары және ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер өкілдері тартылуы мүмкін.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.02.14 N 99, 2009.12.25 N 2206 Қаулыларымен.

11. Егер заң жобалау жұмыстарының жоспарымен немесе заң жобасын әзірлеу туралы тапсырмамен өзгеше белгіленбесе, Уәкілетті орган заң жобасын дайындауды ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдарға немесе шарттық негізде мамандарға, ғылыми мекемелерге, жекелеген ғалымдарға немесе олардың ұжымдарына соның ішінде шетелдіктерге тапсыра алады.

Уәкілетті орган баламалы жобаларды дайындауды бір немесе бірнеше тұлғаға тапсыруға құқылы. Заң жобаларының сапасы, уақытылы әзірленуі мен ұсынылуы үшін Үкіметтің заң жобалау жұмыстарының жоспарында көрсетілген Уәкілетті органның лауазымды адамдары дербес жауапты болады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.16 N 1067 Қаулысымен.

12. Уәкілетті органдардың заң жобалау жұмыстарының жоспарларын және заң жобаларын әзірлеу жөніндегі жекелеген тапсырмаларды орындауын жалпы бақылауды, осы бағыттағы олардың қызметіне әдістемелік басшылық жасауды және сол үшін қажетті ақпараттық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі жүзеге асырады.

13. Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясы 61-бабының, 3-тармағымен регламенттелген негіз қалаушы қағидаттар мен нормаларды белгілейтін аса маңызды қоғамдық қатынастарды реттеуі және "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының талаптарына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 29.05.2013 № 541 Қаулысымен.

15. Заң жобасының нормаларында міндетті түрде:

құқықтық реттеудің мәні;

құқықтық реттеудің негізгі қағидаттары;

заң жобасының мәтінінде пайдаланылатын негізгі ұғымдар айқындалуы тиіс.

Сондай-ақ, заң жобасында заңды қолданысқа енгізу тәртібі, заң күшіне енгеннен кейін өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді қолдану тәртібі мен шарттары көрсетілуі мүмкін.

16. Құқықтық нормалардың мазмұны қисындалған жүйелі әрі әртүрлі ұғыну мен түсіндіруге жол бермейтін мазмұны айқын болуы тиіс.

Заң жобасын әзірлеу кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде пайдаланылатын терминдер тізбесінде көзделген терминология пайдаланылады.

Нормативтік құқықтық актінің мәтіні әдеби тіл нормалары, заң терминологиясы және заң техникасы сақтала отырып жазылады, оның ережелері барынша қысқа болуы, нақты және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуы тиіс. Нормативтік құқықтық актінің мәтінінде мағыналық және құқықтық жүктемесі жоқ декларативтік сипаттағы ережелер болмауға тиіс.

Көнерген және көп мағыналы сөздер мен сөз орамдарын, эпитеттерді, метафораларды қолдануға, сөздерді қысқартуға жол берілмейді. Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық бөлігінде жазылған құқық нормасы дәл осы актінің басқа құрылымдық бөліктерінде қайталап жазылмайды.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.16 N 1067 Қаулысымен.

17. Қабылдануы Қазақстан Республикасының Конституциясында немесе заңнамалық кесімде тікелей көзделген заң жобасына түсіндірме жазбада Конституцияның немесе өзге де заңнамалық кесімнің бабын міндетті түрде көрсету керек.

18. Заң жобасының өтпелі ережелерінде оны қолданысқа енгізгенге дейінгі қатынастарды заң жобасында реттеу тәртібі көрсетіледі, жаңа құқық нормаларына көшу мерзімдері мен тәсілдері белгіленеді.

19. Заңнамалық кесімнің қорытынды ережелерінде осы кесімнің қолданысқа енгізілуі туралы, бұрын шығарылған кесімнің күшін жою туралы нормалар бекітіледі, осы кесімді орындау және дамыту мақсатында қажет болған кезде басқа мемлекеттік органдардың кесімдер шығару талаптары белгіленеді.

19-1. Заң жобаларының және оларға қосымшалардың әр парағына әзірлеуші мемлекеттік органның басшысы қол қояды.

Заң жобаларының, сондай-ақ қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесі бар бұрынғы және жаңа редакциядағы баптардың салыстырма кестесінің көшірмелеріне әзірлеуші мемлекеттік органның заң қызметі басшысының қолы қойылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне заң жобаларын қарауға және келісуге енгізген кезде олармен бір мезгілде "Қазақстан Республикасының

Заңнама институты" мемлекеттік мекемесінің заң жобаларының тұжырымдамалары мен мәтіндерін әзірлеуге қатысқанын растайтын қорытындысы енгізіледі.

Мемлекеттік органдар мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге енгізетін мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалған заң жобалары мынадай материалдарды қамтуы тиіс:

- 1) заң жобасын (оның ішінде электрондық жеткізгіштерде);
- 2) осы заң жобасын (заң жобаларын) Парламент Мәжілісіне енгізу туралы Үкімет қаулысының жобасын;
- 3) Үкімет Регламентінің талаптарына сәйкес дайындалған Үкімет қаулысының жобасына түсіндірме жазбаны;
- 4) заң жобасы мақсаттарының, міндеттері мен негізгі ережелерінің жан-жақты сипаттамасымен бірге жобаны қабылдау қажеттігінің негіздемесі бар заң жобасына (заң жобаларына) түсіндірме жазбаны (жазбаларды);
- 5) қабылданатын Заңның қолданылуының ықтимал экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, экологиялық салдарының болжамдарын.

Қабылданатын заңның қолданылуының әлеуметтік және экономикалық салдарын бағалау мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін Қабылданатын заң жобаларының қолданылуының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылады;

6) егер заң жобасын іске асыру республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуға немесе шығыстарын ұлғайтуға әкеп соқтыратын болса, қаржы-экономикалық есептемелерді;

7) заң жобасын (заң жобаларын) мүдделі мемлекеттік органдармен келісу парағын (парақтарын);

8) халықаралық шарттарды ратификациялау және күшін жою туралы заң жобаларын қоспағанда, заң жобасының (заң жобаларының) ғылыми сараптамасының нәтижелері бойынша қорытындыны (қорытындыларды). Заң жобасын әзірлеуші ғылыми сараптаманың қорытындысымен (қорытындыларымен) келіспеген жағдайда тиісті қорытындымен келіспеу себептеріне жазбаша дәлелді негіздер келтірілуіне тиіс;

9) қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасына, енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесі бар, бұрынғы және жаңа редакциядағы баптардың салыстырмалы кестесі;

10) егер заң жобасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын болса, заң жобасына Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және заң жобасында салалық мүдделері қозғалатын жеке

кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің сараптамалық қорытындылары қоса беріледі. Әзірлеуші сараптамалық қорытындымен (қорытындылармен) келіспеген жағдайда, сараптамалық қорытындымен келіспеу себептерінің дәлелденген жазбаша негіздемелерін келтіруге тиіс. Мемлекеттік органдар өзінің ресми сайтында сарапшылық кеңестің отырысына шығарылған қолданыстағы әрбір нормативтік құқықтық акт бойынша сарапшылық кеңес мүшелері мен өзге де мүдделі тұлғалардың ұсыныстарын, мемлекеттік органдардың жауаптарын, хаттамаларды және сараптамалық қорытындыларды сақтайды;

11) Үкімет Регламентінің қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықтама парақты;

12) республикалық және жергілікті бюджеттердің және (немесе) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін Қазақстан Республикасының заң жобаларына қатысты Республикалық бюджет комиссиясының оң шешімінің көшірмесін;

13) жобаның қабылдауына байланысты өзгертілуі немесе күші жойылды деп танылуы тиіс заңнамалық актілердің тізбесін;

14) егер Қазақстан Республикасы заңының қолданылуын қамтамасыз ету үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні қабылдау қажет болса, заң жобасын іске асыру үшін қажетті заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын (егер мұндай қажеттілік болмаса, бұл ілеспе хатта көрсетіледі).

Егер заңға тәуелді нормативтік құқықтық актінің жобасын әзірлеу басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын болса, онда заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган заңға тәуелді актінің тиісті жобасын сұратады және жоғарыда көрсетілген барлық материалдармен бір мезгілде енгізеді;

Егер заң жобасына заңға тәуелді тиісті нормативтік құқықтық актілердің жобалары қоса берілмесе, қолданылуын қамтамасыз ету үшін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қабылдануы қажет заң жобаларына Әділет министрлігінде бұрыштама қойылмайды;

15) заң жобасын (заң жобаларын) бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде Интернет желісінде талқылау және оны (оларды) пысықтау кезінде қоғамдық пікірді ескеру нәтижелері туралы анықтаманы.

Ескерту. Ереже 19-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206; өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.23 N 632; 2011.04.05 N 359; 2011.09.16 N 1067; 05.03.2013 № 213, 29.05.2013 № 541; 31.12.2013 N 1524; 30.12.2014 № 1401 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2015 № 1088 қаулыларымен.

20. Заң жобасына:

есептемелер, тарифтер кестелері, графикалар, карталар;

бланкілер, құжаттар, сызбалар үлгілері және қосымша қолдану мәні бар басқа да материалдар қоса берілуі мүмкін.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

20-1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

21. Үкімет Парламенттің қарауына енгізетін заң жобалары бойынша "Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Үкіметтің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысымен бекітілген Ғылыми сараптама жүргізу ережесіне сәйкес заң жобасында реттелетін құқықтық қатынастарға қарай тиісті ғылыми сараптама (құқықтық, лингвистикалық, экономикалық, экологиялық, қаржылық және басқа) жүргізу міндетті. Бұл ретте қабылдануынан туындайтын болжамды салдар экологиялық, соның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қауіп төндіруі мүмкін заңнамалық кесімдердің жобалары міндетті түрде экологиялық сараптама жасауға жатады. Заң жобасын әзірлеуші оны мүдделі мемлекеттік органдармен келіскенге дейін жобаның тиісті сараптамасының жүргізілуін қамтамасыз етеді, оның нәтижелері бойынша қорытынды заң жобасына басқа да материалдармен бірге келісуші мемлекеттік органдарға мемлекеттік және орыс тілдерінде ұсынылады.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.05.27 № 590 қаулысымен.

21-1. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.12.25 N 2206 Қаулысымен.

22. Заң жобасын мемлекеттік органдармен келісу, заң жобасын Үкіметтің қарауына енгізу тәртібін Үкіметтің Регламенті белгілейді.

Қазақстан Республикасының
уәкілетті органдарында
заң жобалау жұмыстарын
ұйымдастыру ережесіне
қосымша

Әзірленетін заң жобалары бойынша тұжырымдама нысаны

1. Заң жобасының атауы.
2. Заң жобасын әзірлеу қажеттілігінің негізі.
3. Заң жобасын қабылдау мақсаттары.
4. Заң жобасын реттеу мәні.
5. Заң жобасының құрылымы.

6. Заң жобасын қабылдаған жағдайда болжанып отырған құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарлар.

7. Басқа заңнамалық кесімдерді әзірленетін заң жобасымен бір мезгілде (кейіннен) сәйкес келтіру қажеттілігі.

8. Заң жобасы мәнінің өзге де нормативтік құқықтық кесімдермен регламенттелуі.

9. Қаралатын мәселе бойынша шетелдік тәжірибенің бар-жоғы.

10. Заң жобасын іске асыруға байланысты болжанып отырған қаржы шығындары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК